



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бәрекелді!

Теміржол вокзалдарының құрылысы қарқынды

Өткен жексенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарына жұмыс сапарымен барып, теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді.

Ауқымды жобаның тапсырыс берушісі – «Қазақстан Темір Жолы» АҚ.

Алдымен аймақ басшысы «Терең-өзек теміржол вокзалын күрделі жөндеу және аумағын абаттандыру» жобасы аясында атқарылған жұмыстарға назар аударды. Жоба бойынша перронды жарықтандыру, брусчатка төсеу, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату, көгалдандыру, темір қоршаулар орнату және гранит тастармен әрлеу қарастырылған. Жалпы аумағы 274 шаршы метр болатын ғимарат құрылысы биыл тамыз айында басталып, желтоқсанда аяқталмақ.

Жалағаш ауданында бұрынғы теміржол пунктін қайта жаңғыртулады. Ескісі бұзылып, заманауи вокзал салынады. Сондай-ақ перронды абаттандыру және жарықтандыру жоспарланған.

Мердігер мекеме ескі пункттің орнын тегістеуде. Аумағын абаттандыру үшін Жалағаш кенті әкімдігінің теңгерімдегі жер учаскесі «Қазақстан Темір жолы» АҚ Қызылорда облыстық филиалына беріледі. Жобада жаңа үлгідегі ғимарат, перронды абаттандыру және жарықтандыру қарастырылған. Жосалы кентіндегі 1904 жылы салынған теміржол вокзалында да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта шатыр ашылған, ішкі бөлмелер демонтаждалып, қасбеті қапталуда.

Төртмә теміржол вокзалында да жөндеу және аумағын абаттандыру қарқын алған. Құрылыс алаңы қоршалып, эскиздік жобаға сәйкес қасбетті жылу сақтағыш материалдармен және травертинмен қаптау, шатырды жаңарту жұмыстары басталған. Ішкі бөлмелердегі гипсокартон мен кафель бұзылып бітті. Қазір құрылыс алаңында 13 адам еңбек етуде.

Әйтеке би кентіндегі теміржол вокзалы 1903 жылы салынған. Тарихи ғимарат соңғы рет 2013 жылы жөнделген. Қайта жаңғырту жұмыстары шатырды ауыстыру, есік-терезелерді жаңарту,



электр және жылу жүйелерін ішінара жөндеу, аумақты абаттандыруды қамтиды. Жаңғырту кезінде ғимараттың тарихи келбеті сақталады.

Келесі нысан – «Арал теңізі» теміржол вокзалы. Ол 1904 жылы пайдалануға берілген. Бұл нысанға 2013 жылы соңғы рет күрделі жөндеу жүргізілген болатын. Қазіргі таңда ғимарат толықтай қайта жаңғыртылуда.

Айта кетейік, елімізде 100 теміржол вокзалын жаңғырту қолға алынған. Қапаның келер жылы аяқтау жоспарланып отыр. Биыл Қазақстан бойынша жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан 100 вокзалдың 10-ы – Қызылорда облысының аумағындағы ғимарат. Өңірдегі теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу үшін шамамен 5 млрд теңге қаржы қа-

жет. Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелер «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-мен келісім-шартқа отырды.

2023 жылы Қызылорда қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар вокзал мен аумағы толықтай жаңғыртудан өтті. Жобаның жалпы құны – 577 млн теңге. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 255 млн теңге қаржы бөлінді. 1905 жылы салынған бір қабатты вокзалға күрделі жөндеу жүргізіліп, бүгінде заманауи талаптарға сай бейімделді.

Қасбетті травертин плиталарымен қапталды, шатыры жаңартылды, мүмкіндік шектеулі азаматтарға арналған пандустар орнатылды. Сонымен қа-

тар суағар, су, көріз және жылу жүйелері жөнделіп, қала жақ беті көгалдандырылды. Ішкі бөлмелері де толықтай жөндеді. Бұдан бөлек екі жолаушылар платформасына асфальт төселіп, төрт тірекке 10 жарықшам орнатылды.

1969 жылы салынған екінші нысан да жаңартылды. Әкімшілік ғимараттың қасбеті әрленіп, есіктері, 200 шаршы метр шатыр ауыстырылды. Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен перрон мен автотұрақ асфальтталып, жарықшамдар қойылды. Сол аумақтағы нысандардың қасбеті де заманауи келбетке ие болды.


Бұл жұмыстар аймақтағы көлік инфрақұрылымын жаңғыртып, жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге бағытталған.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Біле жүріңіз

ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Балалардың құқықтарын қорғау комитеті ата-аналарға интернет кеңістігіндегі, соның ішінде балалар арасында кең таралған «Roblox» ойынындағы ықтимал қауіптерге қатысты ескерту жасады. Министрлік ата-аналарды балаларының интернеттегі әрекеттеріне мұқият болуға шақырады. Ведомствоның мәліметінше, халықаралық және отандық ақпарат көздерінде алаңдатарлық жайттар жиілеп барады. Кейбір қаскөйлер ойыншы бейнесінде балалармен сенімді қарым-қатынас орнатып, оларды жасырын чаттарға шақырып, заңсыз әрекеттерге итермелеуге тырысады.

«Roblox» ойыны: балаларға қаншалықты қауіпті?



Комитет балаларды интернеттегі қауіптерден қорғау үшін ата-аналарға кеңес берді. Мәселен, өзінің жеке деректерін (аты-жөні, тұрғылықты мекен-жайы, телефон нөмірі, отбасы мүшелері жайлы ақпарат) ешкімге жарияламауы керек. Instagram, Telegram, TikTok, ВКонтакте секілді әлеуметтік желілердегі күмәнді қауымдастықтар мен беймәлім чаттарға кірмеуі тиіс. Ата-ананың рұқсатынсыз, қауіпсіздігі тексерілмеген күмәнді онлайн ойындарды ойнаудан аулақ болған жөн.

Ата-ана баласының интернеттегі әрекетін қалай бақылап отыра алады? Мәселен, цифрлық бақылау құралдарын қолдану, яғни Android құрылғылары үшін Family Link, ал iOS жүйесінде Screen Time қызметін пайдалану ұсынылады. Баланың әлеуметтік желілердегі достары мен жазылған парақшаларын үнемі қадағалау керек. Профиль суреттері, аты-жөні белгісіз немесе түсініксіз белгілер мен таңбалар бар аккаунттарға ерекше назар аударған жөн.

Ата-ана қандай мінез-құлыққа назар аударуы керек? Мәселен, бала түнде жиі оянады, ұйқысы бұзылады. Дене жарақаттары (тілгілер, көгерулер) пайда болады, бірақ себебін түсіндірмейді. Ашушандық байқалады, сөйлесуден бас тартады. Депрессивті, агрессивті мазмұндағы видеолар көреді. Мазасыз, қорқынышты белгілер мен суреттер салады, олардың мағынасын түсіндірмейді.

Балаға қалай көмектесуге болады? Оның эмоционалдық жағдайын қадағалап отыру керек. Балаңызбен жиі сөйлесу, оның өміріне қызығушылық таныту қажет. Олар кез келген уақытта ойымен бөлісе алатынын сезінуі керек.

«ЖЖ» ақпарат

Жаңа оқу жылы: дайындық қалай?

Жаңа оқу жылы қарсаңында аудандағы барлық білім беру ұйымы 1 қыркүйек – Білім күніне дайындықты күшейтті. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентіндегі №31 мектеп-гимназиясына арнайы барып, жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарымен танысты. Мектептің едені және есіктері ішінара жаңартылып, оқу кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Қазіргі таңда білім ордасында ішкі әрлеу және санитарлық-тазалық жұмыстары жүргізілуде. Ардақ Әбдіғаппарұлы мектеп ұжымымен кездесіп, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, Жалағаш ауданында білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Аудан бойынша 20 мектеп, 38 мектепке дейінгі ұйым (10 мемлекеттік, 27 жеке балабақша, 1 шағын орталық), 3 қосымша білім беру, 2 арнаулы білім беру ұйымы жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2525 бала тәрбиеленуде. 3-6 жастағы балалар 100 пайыз балабақшалармен қамтылған. Биыл балабақшаны 136 бала аяқтауда.

Жаңа оқу жылында аудандағы 20 мектепте 7 102 оқушы білім алмақ. Бірінші сыныпқа қабылдау механизмі Egov.kz электронды үкімет порталы арқылы 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында мектепке қабылдау жұмыстары жүргізілген. Бүгінде 600-ден астам бала электронды форматта мектепке қабылданды.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жұмыстарына келсек, жаңа оқу жылына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуға облыс қазынасынан 18 710 кітап сатып алуға 70 млн 311 мың теңге бөлінген. Осыған дейін тоғыз бас-

памен келісім-шарт жасалған. Оқулықтарды тасымалдау үшін кәсіпкерлік субъектісімен 1 млн теңгеге келісім-шарт жасалды.

Мектептердің материалдық инфрақұрылымын күшейту мақсатында ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2025 жылы 262 млн 800 мың теңге қаралған. Тиісті қаражатқа жөндеу жұмыстары және ішінара 8 мектеп ауласына қоршау жүргізілген. Реновацияға енген Жалағаш кентіндегі №31 мектеп-гимназиясының есік-терезе, кафель ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарға 64 млн 800 мың теңге қаралған болатын.

Мұнан бөлек 60 млн теңгеге Led экран, жылжымалы сенсорлық панель тақталар, эрисман парталар алынған. Мектептің абаттандыру жұмысы бойынша мектеп ауласына асфальт төселеді. Оған 15 млн теңге қаралған.

Жалпы жаңа оқу жылына ауылдық елді мекендердегі білім ошақтары да дайындықты күшейткен. Мәселен, Мәдениет ауылындағы №32 мектеп-лицейінің сыртқы ғимаратына жөндеу жұмысына 20 млн 746 мың теңге қаралды. Жалағаш кентіндегі №201 мектеп-лицейінің



жөндеу жұмыстары, яғни ішкі есік, кафель ауыстыру жұмыстарына 14 млн 508 мың теңге бөлінді. Аққұмдағы №38 мектептің сыртқы бетін тегістеу сырлау жұмыстарына 5 млн 800 мың теңге бағытталған. Мұнан бөлек аудандағы 3 мектепке спорт алаңдары салынды және 2 мектептің спорт алаңдарын қайта жаңғырту жұмысы жүргізілді. Оған 97 млн 740 мың теңге қаралған.

Жалпы білім ошақтарының қауіпсіздігі қамтамасыз ету бойынша қажетті құрал-жабдықтармен жарақталуы да қарқынды жүргізілген. Мәселен, аудандағы 20 мектеп, 10 балабақша 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен, дабыл түймесімен қамтылған. Бейнеба-

қылау камералары полиция бөлімінің жедел басқару жүйесімен интеграция жасалған. Турникет 16 мектепте жұмыс жасайды. 5 мектепте күзет қызметі бар.

Биыл мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына, қосымша білім беру ұйымдары, яғни оқушылар үйі, өнер мектебі, «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 53 млн 592 мың теңгеге бейнебақылау камералары орнатылған. Дабыл түймесін орнатуға 6 млн 215 мың теңге қаралды. Балалар қауіпсіздігінің, асхана мен кітапхана жұмысын цифрландыруға бағытталған сәйкестендіру картчкәлары жүйесімен қамтылған мектептер үлесі 50 пайызды құрауы тиіс. Осы бағытта 3,5 млн теңгеге

аудандағы 2 мектепке аппараттық бағдарламалық кешен орнатылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Биылғы оқу жылынан бастап кент орталығында 5 мектеп аппараттық бағдарламалық кешенмен жұмыс жасайды.

Цифрландыру бағытында жұмыстарға келсек, мектептердің барлығы интернет желісіне қосылған. Компьютерлер паркi 100 пайыз жаңартылған. Барлық мектеп «Bilim-Land» электронды платформасына қосылған. Бүгінде аудандағы білім ошақтарының 90 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтылған.

Ауданда 1259 педагог жұмыс жасайды. Оның 69,8 пайызы жаңа

форматтағы аттестациядан өткен. Министрліктің бұйрығына сәйкес енгізілген «Ұстаз платформасы» бойынша 375 педагог аттестациядан өтуде. Қорытындысы 30 тамызда шығады.

Бүгінгі таңда ауданда 2096 аз қамтылған әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балалары тізімі нақтыланды. 18 жасқа дейінгі жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 31 бала бар. Оның ішінде қорғаншылық және қамқоршылық тәрбиесінде 29, патронаттық тәрбиеде 2 бала бар. Олар бір мезгіл ыстық тамақпен және бір жолғы қаржылай көмекпен 100 пайыз қамтылады. Жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында аудан меңсәттары өрікті демеушілер тарапынан көмек жасалуда. Бүгінде 200 баланың тізімі жасақталған.

Ауданда мектептерде 80 пайыз, балабақшаларда 100 пайыз инклюзивтік білім алуға жағдай жасалған. Бүгінде 343 ерекше білім беруді қажет ететін бала анықталып отыр. 169 бала мектепте, 22 бала арнайы психикалық дамуы төжелген сыныпта, 54 бала үйден оқытылуда. 60 бала балабақшада, 43 бала психологиялық-педагогикалық түзету, 45 бала ресурстық орталықта, 30 бала логопедиялық пункте түзету сабақтарын алууда. Жұмыс жасайтын пән мүгеделілерінің біліктілігін арттыруда арнайы инклюзивті курстар тұрақты түрде ұйымдастырылуда. 1259 педагогтың 701-і арнайы инклюзивті курстан өткен.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

2 ҚОҒАМ

Сараптама

Жолдың жайы қалай?

Осыған дейін Президент көлік желісін жаңғырту бойынша нақты мақсат-міндеттерді айқындап, Үкіметке оны сапалы жүзеге асыруды тапсырған болатын. Саланың ағымдағы жағдайы мен даму жоспарлары қалай? Тарқатайық...

13 мың шақырым жол сапасы жақсарады

Көлік министрлігінің мәліметіне сүйенсек, еліміздегі автокөлік жолдарының жалпы ұзындығы 185 мың шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 25 мың шақырым, жергілікті деңгейде 70 мың шақырым жол және елді мекендердің 90 мың шақырым көшелері бар.

Автожолдардың сапасын арттыру бойынша нақты шаралар қабылданған. Биыл 13 мың шақырым жол қамтылмақ. Оның ішінде республикалық 2 мың шақырымнан астам жол реконструкцияланып, облыс орталықтары арасындағы 6,6 мың шақырым жол жөнделеді. Ал жергілікті жерлерде 4,1 мың шақырым жол жаңартуға жатады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша республикалық маңызы бар жолдардың нормативтік жай-күйін 94 пайызға, жергілікті жолдардың нормативтік жай-күйін 91 пайызға дейін жеткізу жоспарланған.

Заңнамалық деңгейде бірқатар түзету қабылданған. Соның негізінде сапа орталығының ескертүлерін жоймай нысандарды пайдалануға, қабылдауға тыйым салынды. Ал 2023 жылдан бастап барлық орташа жөндеу жобалары жобалық шешімдердің және олардың құнының дұрыс қолданылуына қатысты ведомстволық сараптамадан өтуге міндетті.

Құрылыс сапасы бақылана ма?

Жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде 2025 жылдың 7 айындағы қорытынды бойынша сапасыз жол құрылысының материалдары мен ақаулар санының 2 пайызға төмендегені, жергілікті жолдарды қиыршық тастан асфальтбетон төсеуіне ауыстыру 14 пайызға өскені байқалды. Сонымен қатар жобалық шешімдерді оңтайландыру 1 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді. Ал жергілікті жолдарды диагностикамен қамту 50 пайызға жеткен.

Жол-құрылыс үдерісіне қатысушылар жауапкершілігін арттыру мақсатында жұмыстың барлық кезеңінде сараптамаы автоматтандырудың цифрлық жүйелері мен тетіктері енгізілді. 384 асфальтбетон зауытына кешенді тексеру жүргізілген. Сондай-ақ «Қаз-ЖолФЗИ» АҚ институтымен «кілтті тапсырғанға дейінгі» келісім-шарттар жасалып және жобалау құжаттамасына сараптама жүргізу енгізілді.

«ҚазЖолФЗИ» АҚ мәліметіне сүйенсек, соңғы 5 жылда институт автожолдарды салу және жөндеу технологияларын жетілдіруге бағытталған 20-дан астам ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бүгінде елімізде бірнеше цифрлық жоба жүзеге асырылуда. Жобалау сапасын арттыру мақсатында жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасы мен нақты климаттық жағдайларға және қозғалыс қарқындылығына материалдарды дәл таңдау есебінен берік және сенімді жол төсемдерін пайдалануға бағытталған Supergravel технологиясы енгізілді.

Жалпы саны 2 мыңнан астам пайдаланушысы бар Jolshu жол саласы мамандарының базасы талдамалық ақпарат алуға, кадрлық өзгерістерді бақылауға және жол-құрылыс жұмыстарын орындаудың сапасын қамтамасыз ету үшін мамандардың біліктілік деңгейін қадағалауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта «ҚазЖолФЗИ» апаттардың себептерін жүйелі бағалауға және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ЖКО талдау порталын әзірлеуде.

4 мың шақырымға жуық жол жаңғыртылады

Жалпы Қазақстанда жол сапасын жақсартуға негізделген жобалар нақты жүзеге асуда. Алайда өлі де бұл салада атқарылатын шаруа аз емес. Сондықтан еліміздегі жолдар желісін одан әрі дамыту қажет.

Акция

Қуанса, бала қуансын!

1 қыркүйек – Білім күні қарсаңында елімізде дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы бастау алуда. Оның мақсаты – көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына қолдау көрсету. Биыл бұл игі шараға аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті де белсене атсалысты.

Ауданда да акция аясында Жалағаш аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы, кәсіподақ комитетінің төрайымы Гүлзат Ердаулетқызы және барлық білім беру ұйымдарындағы бастауыш кәсіподақ төрағалары қа-тысқан қайырымдылық іс-шара өтті.



2030 жылға дейін 4 мың шақырымға жуық автожол қайта жаңғыртылады. Биыл бірқатар негізгі жобаны аяқтау жоспарлануда. Бұл ретте жобалық құжаттаманың дайындығы жоғары жаңа жобаларды, яғни «Ақтөбе – Ұлғайсын», «Қарағанды – Жезқазған», «Атырау – Доссор» жолдары мен Сарыағаш, Петропавл, Рудный және Қызылорда қалаларын айналып өту жолдарын, сондай-ақ 2,5 мың шақырым автожолды орташа жөндеу маңызды.

Мердігерлерді қаржыландыру мен айқындауды қамтамасыз ету – Көлік, Қаржы министрліктерінің міндеті. Ал «ҚазАвтоЖол-ға», Өнеркәсіп және құрылыс, Көлік министрліктеріне «кілтті тапсырғанға дейінгі» ірі жобаларды жөдел жүзеге асыру үшін мемлекеттік сараптама мен құрылыс-монтахдау жұмыстарының қатар өту тетігін әзірлеу керек.

Жалпы жол құрылысында бірінші кезекте шұғыл шешуді қажет ететін мәселелерге назар аударған дұрыс. Жетісу, Алматы облыстарын қоса алғанда Ұлттық сапа орталығы тарапынан ескертүлерге қарамастан нысандарды қабылдау тәжірибесі жалғасып жатқан өңірлер де жоқ емес. Мердігерлердің көпідіктерін қадағалау және сапасыз материалдарды пайдалану мәселелері де бар. Әсіресе мұндай жағдайлар еліміздің солтүстік өңірлерінде байқалады. Мәселен, Павлодар тасжолының бөтен төсемі көтеріліп жатқаны анықталған. Солтүстік Қазақстан облысында тексерілген сынамалардың 43 пайызы сапа стандарттарына сәйкес келмеген.

Жалпы елді мекендердегі тұрғындар тарапынан жол сапасына қатысты ең көп сын Атырау және Түркістан облыстарында тіркелген. Осы ретте көпідік мерзімін ұлғайту және мердігерлердің көпідік міндеттемелерін сапасыз орындағаны үшін мердігерлік ұйымдар жауапкершілігін күшейту қажет.

Жергілікті жолдар желісін дамытуға қаражат жұмсаудың тиімділігі мен қаржыландыру мәселесіне назар аудару керек. Мәселен осыған дейін едәуір көлемде бюджет қаражаты бөлінгеніне қарамастан, кейбір өңірлерде оны игеру баяу жүруде. Тарқатып айтсақ, Абай облысында 42 пайыз, Ақтөбеде 52 пайыз, Ақмолада 56 пайызға игерілген.

Мұндай заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Көлік министрлігі және Ұлттық сапа орталығы қазан айына дейін барлық автожол жобаларының жүзеге асырылуын тексереді. Анықталған кінәлілерді жазалау бойынша есеп пен ұсыныстар енгізіледі. Көлік және Қаржы министрліктері Ұлттық сапа орталығының қызметін күшейту бойынша шешімдер дайындайды.

300 шақырымнан астам жол мен көпір өткелдері жөнделді

Сыр елінде де жол құрылысы қарқын алды. Аймақтың үстімен өткен қонақтар әсіресе Қызылорданың жол сапасына тамсанып жатады. Әлбетте мұның бәрі – нәтижелі еңбектің жемісі.

Облыс аумағындағы автомобиль жолдарының ұзындығы – 3545 шақырым. Оның 1024,5 шақырымының республикалық, 555 шақырымының облыстық, 1965,5 шақырымының аудандық маңызы бар.

Өткен жылы 44 млрд 700 млн теңге бөлініп, өңірдегі 300 шақырымнан астам жол мен көпір өткелдері жөнделді. Нәтижесінде облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 92,5 пайызға жетті.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен 42 млрд 142 млн теңге қаралды. Тиісті қаражатқа 320 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстардың қорытындысы индикаторлық көрсеткішті 95 пайызға жеткізбек.

«Жол активтері сапасы» ұлттық орталығының қызметіне биыл 123 млн теңге бағытталып, құрылыс сапасы 100 пайыз сараптамамен қамтылды. Аспаптық және зертханалық тексеру жүргізу барысында 1201 сынама алынып тексерілді.

Жол сапасын дамытуға 1,7 млрд теңге бөлінді

Жалағаш ауданында да соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды. Тарқатып айтсақ, биыл ауданның жол саласын дамытуға бюджеттен 1,7 млрд теңге қаралды. Тиісті қаражатқа 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Ақсу-Беркімбай көпіре» автомобиль жолы, Жалағаш көпірі және М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай, Жаңадария, Аққыр, Еңбек елді мекендеріндегі 21 шақырымды құрайтын 38 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобалар толығымен жүзеге асырылған уақытта жақсы және қанағаттанарлық ішкі жолдардың үлесі 88 пайызды құрайды.

Соңғы жылдары ауылдық елді мекендердің жол сапасына да айтарлықтай мән берілуде. Бұдан жергілікті тұрғындардың талап-тілегі жерде қалмағанын аңғаруға болады. Биыл «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көпіре» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралған. Ал Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына 403,1 млн теңге бөлінген.

Биыл Жалағаш кентінде де жол құрылысы қарқын алды. Мәселен, аудан орталығындағы 11 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарына бюджеттен қыруар қаражат қаралған болатын.

Мерелі Шәменов ауылындағы Жамбыл және Ердузелова көшелерінің күрделі жөндеу жұмыстарына қазынадан 69 млн теңге бөлінген. Жоба құны 518,3 млн теңгені құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы 16 көше де күрделі жөндеуден өтеді. Биыл бұл жұмыстарды бастау үшін 165,3 млн теңге қаралған. Мұнан бөлек жалпы құны 486,5 млн теңгені құрайтын шал-

ғайдағы Аққыр елді мекеніндегі Ы.Ақмырзаев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Тәспенов көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралды. Бүгінде бөлінген қаржы шегінде ауылдағы бірнеше көшеге асфальт төселіп, жол жиегіне құмарлас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде.

3,4 млрд теңгені құрайтын 13 жоба әзірленген

Мұнан бөлек жол саласы бойынша барлығы 3,4 млрд теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданған. Алдағы уақытта бюджеттің мүмкіндігіне қарай бұл жұмыстар кезек-кезімен жүзеге аспақ.

Тарқатып айтсақ, олардың қатарында 86,5 млн теңгені құрайтын М.Шаменов ауылына кіреберістен сол және оң жақ көшелердің құрылыс жұмыстары бар. Сондай-ақ дәл осы елді мекендегі 167,1 млн теңгені құрайтын Тәшімбетов көшесінің құрылыс жұмыстары тағы бар. Кент іргесіндегі Ақсу ауылындағы 3 көшенің құрылыс жұмыстарына қатысты жоба да әзірленген. Жалпы құны – 294,9 млн теңге. Дәл осы ауылдағы тағы 3 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары 106,9 млн теңгені қажет етеді. Ал Аққум елді мекенінің айнайма жолын реконструкциялау жұмыстарына 196,5 млн теңге қажет. Мырзабай ахун ауылындағы К.Оспанов және Жаңақоныс көшелерін күрделі жөндеу жұмыстары да 591,9 млн теңгені қажет етеді. Қасындағы Мәдениет ауылының Жаңақоныс көшесін күрделі жөндеуге де 199,8 млн теңгенің жобасы әзірленген.

Дайын тұрған жобалар қатарында Жаңаталап ауылының 2 көшесі бар. Ішкі көшелерді күрделі жөндеуден өткізу үшін 128 млн теңге қажет. Ал шалғайдағы Есет батыр ауылының 4 көшесін күрделі жөндеуге 248,2 млн теңгені құрайтын жоба дайындалған. Қаржылай қолдау тапса, мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргенов атындағы ауылда 8 көше күрделі жөндеуден өтеді. Бұл жұмыстарға 677,9 млн теңге қажет.

Жаңақоныс-Таң аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау жұмыстарына да арнайы жоба дайындалған. Жобаның жалпы құны – 287,6 млн теңге. Ал «Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңарту» жобасына 77 млн теңге қажет. «Самара-Шымкент-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту» жобасы 350,6 млн теңгені құрайды. Бұл жобалар қаржылай қолдау тапса, келер жылы да Жалағашта жол құрылысы қарқын алады.

Жалпы жол – еліміздегі өзекті саланың бірі. Сондықтан оның құрылыс жұмыстарында сапаға мән беру керек. Сонда ғана оның жемісін көреміз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Кеңес

Аудандағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Қызылорда облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Бағдат Әбдіқадырдың қатысуымен арнайы жиын өтті. Оған кент, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары, мемлекеттік қызметшілер және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме қызметкерлері қатысты. Жиынның басты мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларының талаптарын түсіндіру және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебін нығайту.

Мемлекеттік қызмет — абыройлы міндет



Жиынды аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов жүргізіп, Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі мен міндеттерін атап өтті. Кездесу барысында Бағдат Әбдіқадыр мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін сақтау мәселелеріне, сондай-ақ қызметтік әдепті нығайтуға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы мен сыбайлас жемқорлық шектеулеріне тоқталды. Мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жайында жан-жақты талқылап, лудоманияның алдын алу мақсатында ойын мекемелеріне барудан бас тарту туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мемлекеттік қызметші өзінің жауапкершілігің, мәртебесін сезіне отырып, барлық іс-әрекеттерін әдеп нормаларының шеңберінде жүзеге асыруы тиіс. Кез келген мемлекеттік қызметші қоғамдық орындарда ішімдік ішіп, адамның ар-намысына тіл тигізу сынды жат қылықтардан аулақ болуы керек. Жол қозғалысы ережесін бұзып, масаң күйде көлік тізгініндеп, жол-полициясы қызметкерлеріне бағынбау өрескел әдеп бұзушылық болып табылады, – деді Бағдат Әбдіқадыр.

Кездесу қорытындысымен Бағдат Әбдіқадыр әрбір қызметкердің кәсіби этикасын сақтауы, ұйым беделін арттыруға, азаматтардың мемлекеттік қызметке деген сенімін күшейтуге ықпал ететінін атап өтіп, қызмға қатысушылардың сұрақтарына нақты мысалдар келтіре отырып жауап берді.

Сонымен бірге Әдеп жөніндегі уәкіл Мәдениет ауылдық округіне арнайы барып, ауылдық деңгейдегі мекеме қызметкерлерімен де жүздесті. Онда да мемлекеттік қызметтің басты қағидаттары, әдеп нормаларын сақтау және тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мәселелері кеңінен талқыланды.

Кез келген жағдайда мемлекеттік қызметші халықтың, өз елінің азаматтарының сенімін жоғалтпай, адалдықтың, қарапайымдылықтың үлгісі болуы керек. Себебі мемлекеттік қызметші халық пен билік арасындағы көпір іспетті. Олар қоғам игілігі үшін еңбек етіп, мемлекеттік саясаттың орындалуына жауап береді.

Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір қызметкер осы қағиданы жадынан шығармағаны жөн. Халыққа жақын болып, қашан да әділ болу керек. Олар елдің мүддесін бірінші орынға қойып, тез әрі дұрыс шешім қабылдауға міндетті. Ұлт мәртебесін көтеріп, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты міндет.

Жиын соңында мемлекеттік қызметшілер және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне арнайы сауалнама таратылып, мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасына байланысты пікірлері мен ұсыныстары жинақталды. Мұндай тәсіл азаматтардың көзқарасын ескеруге және мемлекеттік қызметтің сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілер мен азаматшаларға жеке қабылдау өткізіп, көкейіндегі сұрақтарына жауап берді.

Сезім НҰР



ТАРИХ

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел

«Сөз өнері – дертпен тең» (Абай). Сөз түзелмей, адам түзелмейді, ұлт ұлт болып ұйыса алмайды. Сөз бұзылса, адам да бұзылады, ел ішіне ірікті түсіп, тыныштық кетеді. Сондықтан адамзат ойының алыптары адамды адам ретінде сақтап келе жатқан сөздің құдіреті алдында бас иіп, сөзді түзеуге шақырып отырған.

«Әуелінде сөз болған» дейді. Сол сөз әлемді билеп тұр. Сөзі мықты адам – мықты, сөзі мықты ұлт – мықты. Сөзі мықты мемлекеттің айтқаны екі болмай тұр. Мұның сыры мықты сөздер мықты істерге айналады. Сөзі мықтылар, тіпті империяға айналып, әлемді биледі, сөзі қисайғанда, империя түйгілі, тұтас бір халықтар тарихтың сахнасынан түсіп қалды. Абайдың поэзиясы, өлеңге көркемдік, әлеуметтік тұрғыдан жоғары талаптар қоюы ұлттық сөз өнерін әлемдік деңгейге көтеріп, жаңа тұрпаттағы қазақ әдебиетінің дамуына даңғыл жол ашуымен бірге «сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» деп халқын тура жолға бағыттады. «Абайдың қазақ тілін дамытуға, әдеби тіл поэзия тілін өрістетіп, жаңа сөз өрнектерін байытуға сіңірген еңбегі ұланғайыр. Абай поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сонылығымен күнделі» (Қазақ әдебиетінің тарихы. 2006. 202-бет).

Абайдың сөзі – ұлттың рухы. Абайдың тілі – ғылыминың тілі. Қазақ халқы да «мың өліп, мың тіріліп», тарихтың нөбір төпешіштерін көріп, бүгінгі күнге аман-есен жетіп отыр. Бізді бүгінгі тәуелсіздік дәуіріне жеткізіп отырған – қазақтың сөзі, сол арқылы ұлттың, қырық рудың басын құрап, рухани күш берген құдіретті сөз, қасиетті қазақ тілі. Қазақ тілінің құнары мен Абай мөңгерген сөз құдіретінің салмағы, сапасы жөнінде кезінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұқамедханов, М.Мырзахметов, Р.Сыздықова, З.Ахметов, Ж.Ысмағұлов, т.б. көрнекті ағайтанушы ғалымдардың ғылыми монографияларында, одан бөлек Абай Құнанбайұлының шығармашылығы бойынша ғылыми тұрғыда пайымдауға арналған жекелеген зерттеулер мен танымдық сипаттағы басқа да көбір еңбектерде күн-дүбірлікер айтылды.

Десек те, өмірдің өзгеріп отыруымен бірге ғылым да дамып, жаңа заманның қажеттіліктерін өтеп отырады. Бүгінгі күні әлемдік аренаға шығып, тәуелсізі өмір сүріп отырған Қазақстанның алдында да ғылыми тұрғыдан шешімін күтіп тұрған қыруар мәселе бар. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, қазақи болымысымыздың кем-кетігін көрсетіп, алдағы уақытта не істеу керегін айтып кеткен, бүгінгі күндері ұлттық рухани дамуымыздың өзегіне айналып отырған Абай мұрасына дәуір билеген көз жіберу рухани өміріміздің күн төртбінде тұрған аса маңызды мәселе болып отыр. Бұл ретте қоғам өмірінде шешуші рөл атқаратын адам ақыл-ойының, сөзінің ақын шығармашылығында қалайша көрініс тапқанына назар аудармақпыз.

Түркі өлемінен шығып, төрткүл дүниеге танылған атақты ғұлама Әбу Нсир әл-Фараби адам өміріндегі сөз туралы айта келіп «Адамдар сөз арқылы айтылғалы тұрған ойды көшірмелейді, бейнелі түрде жеткізеді. Сонда олар онның атымен емес, идеямен ғана қанағаттанды... Ой жетерлік идея барлық халықта сөз болып табады!»

Адамдар сөздер мен өлендерді өткен және осы шақтағы өздеріне қажетті істер туралы мағлұматтар беру үшін пайдаланған болатын. Осылайша халық та сөздер мен өлендерді ауыздан-ауызға мұралап беріп отыратын адамдар пайда болды. Олар көркем сөз өнерін игерген өз халқының шешендері болған, олар бастапқыдан данышпандар мен негізді қалыптастырушы болды, олар халыққа өз тілдерін қайтарған тұлғалар болды» дейді.

Міне, осындағы «Адамдар сөз арқылы айтылғалы тұрған ойды көшірмелеуде» «сөз өнерін игерген» «бастапқыдан қалыптастырушы» деген пікірлердің тікелей Абайға да қатысы барлығын аңғарғандаймыз.

А.Байтұрсынұлы сөз өнері туралы аса пайымды пікірлер айтқан. Адам санасының қабылдау негізіне қарай: ақыл, қиял, көңіл деп топтап, ғылыми тұжырым жасайды. «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – мензәу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – тую, тағлау. Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың мензәуін мензегенінше, көңілдің туюін түйгенінше жару» дейді.

Ғалымның пікірінше, сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндер аз. Сол тұрғыдан келгенде Абай өлеңдеріне жоғары баға береді.

Бай әдебиетіміздегі Абай арқылы жаңа мәң, тың идеялармен астасқан қазақ сөз құдіретінің мәйегі жайлы пайымдаулар өте өрден жалғасып келеді. «Күлтегің» жазбаларындағы деректер халыққа қызмет етудің асқан үлгісі ретінде ғылымда өз бағасын алған. Айтұлы жазбалардың дерегіндегі Тоныкек пен Күлтегінің «түн ұйықтамадың, күндіз отырмадың» деп ат үстінде халқын жиып, бас қылуды арман еткен мақсат жолындағы жылралы алғашқы қазақ сөз құдіретінің сәулесін ұғындырады. Халық – мемлекеттің тірегі, басты байлығы. Онсыз мән де, мағына да болмайтынның мына жолдардың негізгі өзегінен аңғарамыз. «Түрік халқының аты, даңқы жоғалмасын деп, ...түн ұйықтамадың, күндіз отырмадың... Төңрі жарылқап, (өзімнің) құт-бағым барлығынан, үлкүлесім барлығынан, (келешекте) өлемшекі халықты тірліте көтермін, жалаңаш халықты тонды (киімді), кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым,



ығыр, егескен елдіктегілерді, (ығыр егескен қағандықтарды қайырымды, жақсы қылдым, төрт бұрыштағы) халықты түгел тату, бейбіт қылдым, барлығы маған бағынды» деген асқақ жолдарды оқығанда, бойыңызды ерекше бір сезім билеп, терең ойларға батып, ел үшін ерөн еңбек еткен ерлердің, қазақ сөзінің «кесек тұрайтын» құдіреті алдында бас игендей боласыз.

Тарихқа үңілсек, көпті көрген көсемдердің, елінің ертеңін ойлап, күні-түн ұйы көрмеген ойшылдардың халқын бақытқа жеткізетін жолды іздеп, жанталасқанын көреміз. Ұлыпармыз оны тапты да. Ол адамгершілік қарым-қатынастардан туындайтын халықты ынтымаққа, бауырластыққа, ел бірлігіне шақыратын құдіреті күшті ұлы сөз еді.

Қазақ әдебиетінің өткеніне көз жіберсек, «ел бірлігі» – жезтандай ақын-жыраулар, сөз бастаған күміс көмей шешендер көтерген негізгі мәселе, сондықтан олардың сөзі халық жадында жатталып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Кейінгі ұрпаққа айтылған өсиет түріндегі терең ойлар уақыт сынынан мән-маңызын жоғалтпай өтіп, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерге, рухани қазынаға айналды.

Сөз құдіреті ерте кездерден бері жалғасқан ғұламалар мен орта ғасырларда өмір сүрген би-шешендердің шығармаларында терең тамыр алып, құнары мен құндылығынан бір ажыраған емес. Қазақ мақал сөздің атасы деп санайтын он екінші ғасырда өткен Майқы бидің «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейтін нақылын халқымыз ортада қанша ғасыр ауысса да, қалыбын бұзбай айтып келеді. Бұл арналы асыл сөз тұңғыы «Ханның биі ақылды болса, қара жерден кеме жүргізеді» немесе «Би өкеу болса, дау төртеу болады», «Парақор биге ісің түспесің, сараң үйге кісің түспесің» деген сипатымен әлі де өзектілігін, өміршеңдігін жойған жоқ. Ой ырағы, сөз ағымы анық сезілу үшін сол Майқы бидің «Кімнен кім туады?» деген сұраққа былай деп жауап берген мысалын еске алайық: «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады, асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады, масылдан мал бақпас туады, тілазардан қылжақбас туады, таздан жарғақбас туады, сараннан бермес туады, соқырдан көрмес туады, мылжыңнан сөзе туады, қыдырмадан кезбе туады» (Майқы би. 2011. 93-бет).

Тектілік мәселесіне кейін ғана шындап, назар аудара бастасақ, Майқы билер сонау көне заманның өзінде-ақ жоғарыдағы жырды жазып, «Жаманнан жақсы туады дегенге сену қиын, бірақ жақсыдан да қолынан іс келмейтін жамандар туатын жағдайлар кездеседі» деп кеткен екен. Ұл атаға, қыз анаға қарап өсіп-өнген халқымыз текті, жақсы жерден қыз алып, қыз беріп, күні бүгінге дейін осы дәстүрді жалғастырып келеді.

Он жетінші, он сегізінші ғасырдағы қазақ ақын-жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы, өзегі жерді, елді қорғап қалу, ол үшін татулықпен тіршілік етіп, ел бірлігін сақтау болды. Солардың бірі әрі ақын, әрі батыр атақты Ақтамберді жырау «Балаларыма өсиет» атты толғауында:

«Татулық болар береке,

Қылмасын жұрт келеке.

Араз болсаң, алты ауыз,

Еліңе кірген ереке...» деп бақыт пен дәулеттің бастауы да, байлауы да өзара ынтымақ, татулық екенін жыр еткен. Мұндай сөз құдіретіне сүйенген мысалдар әдебиетіміздің қай дәуірінен де жиі ұшырайды. Қазақтың соңғы биі атанған Шойынбет би: «Бірлік түбі – береке, біріккенді жау алмайды. Бір-бірімнен татулас, Ұлы жүз, ағалық қасиет сақта, басқа екі жүз, туыстық жолыңды сақта. Еңші алмағаныңды өсіне түсіріп, атан қазақтың үлкен сөнімін ақта. Татулық – өмір көрі, бірлік – өскендіктің ұрқы» деп елін бірлікке шақырумен өткен екен.

Дала данышпаны ұлы Абай ел ішінде «Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ» дегенді ашына айтып, одан шығудың бірден-бір жолы «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесен, істің бәрі бос» деп халқын ауызбіршілікке шақырумен болған. Ел болу үшін, өсіп-өркендеу үшін ең алдымен бірлік керек дейді. Енді осы бұрынғылар барынша айтып, кейінгілерге өсиетпен керектірлікті қалай жүзеге асыру керек деген мәселе алға шығады. Осы тұрғыда Абай алтыншы қарасөзінде былай дейді: «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залап? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы – осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда өркім несібесін Құдайдан тілейді, әйтпесе Құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді.

қоғам алдындағы парызы мен қарызына айрықша маңыз береді. Өлеңді кәсіпке, мал табудың, күн көрістің құралына айналдырып, «мал үшін тілін бөзеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» жүргендерге қарсы шығады. «Сый дәмепте, берсе алма еш адамнан. Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан. Сүйінерлік адамды құрмет қыл. Аулақ болып жіп сатып, нәрсе алғаннан» деп ақындарға етінішісін айтады. Ал өзі болса:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ» деп өлең жазғанда алдына қойған әлеуметтік мақсатын айқындай түседі.

Абайдың сөз өнері жайлы ой концепциясы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол», «Тапай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Базарға қарап тұрсам, әркім барар», «Сегіз аяқ», «Саулең болса көулден», «Адамның кейбір кездері», «Өзіңе сенбе жас ойшыл» т.б. өлеңдерінде мейлінше ашық айтылған.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» қазақ поэзиясының өлеңмен жазылған теориясы іспеттес. Айшықты, ойлы сөз болуы үшін оған қойылатын анық талаптың бәрін айта отырып, өзінің өлеңімен оның үлгісін де көрсетеді.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бйшарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы».

Мұнда айтушы мен тыңдаушы, шын дарын мен өлеңші арасындағы айырм таразыға түсіп, дәл көрсетілген. Бұл өлеңді, өлең сөздің теориясын өлеңмен жазған Еуропадағы атақты Буалонның «поэтикасының» қатар қоюға, салыстыруға болады. Сонымен бірге бұл өлең – Абайдың сөз өнері жайлы айтқан ойларының шыңы, өлеңмен жазылған манифест.

Абайды білгісі келген адам, алдымен оның «Сегіз аяқ» өлеңін оқып, түсінуі керек сияқты. «Сегіз аяқ» – ақынның бүкіл адами, шығармашылық, дүниетанымдық болымсын аңғартатын философиялық толғау. Адамды бейнәй қалдырмайтын өмір жайлы терең толғамдар сырлы сөзбен салынған суреттер арқылы көркем кемелдікке ұласып, нөбір ғажайып ойларға жетелейді. Осы бір өлеңді қанша рет оқысаң да, оқыған сайын жаңа өлемге кіріп кеткенді өсерде боласыз. Қазақ сөзінің құдіреті терең толғанған «Сегіз аяқ» «мың өліп, мың тірілген» нөбір қиямет-қайым қырғындардан аман шыққан қазақ сияқты, қазақпен бірге мөңгі асық беретін өмір философиясы секілді толғаулы ойларға жетелейді.

Ақынның сырышп лиризм менғақияға толы осынау «Сегіз аяқ» толғауындағы «алыстан сермеп, жүректен тербеп» адам бойына шымырлай өнетін, «муадан шауып, қисынын тауып» тағыны жетіп қайырып, толғауы тоқсан тіл құдіретін, сөйлемін десең, сүйкімі көп сөз сиқырын осы бір өлең жолдарынан терең түсінесің. Өйткені мұнда сөздің мағыасы, құдіреті барынша көркем көрініс береді.

Бүгінгі тәуелсіздік күніне жеткізіп отырған – қазақтың сөзі, сол сөз арқылы қырық рулы ұлттың басын құрап, рухани күш берген құдіретті қазақ сөзі, қасиетті қазақ тілі болса, ұлы Абайдың сөз өлең сөз өнеріне сіңірген тарихи еңбегі орасан. Қазақ тілінің құнары мен Абай мөңгерген сөз құдіретінің салмағы, саласына орай жазылған көрнекті абайтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектерінің алар орны мен мән-маңызы аса жоғары. Қазақ сөз өнерінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ой-пікірді ұлы Абайдың ары қарай данышпандықпен жалғастырып, ұшар биікке көтергеніне көзіңіз жетеді. Ұлы ақынның шығармашылығында барынша жарқырап көрінген асыл ойлар өткен ғасырдың басында өмірге келген алаштық идеологияның өзегін құрап, бүгінгі күндері тәуелсіз Қазақстанның ұлттық даму жолының шамшырағына айналып отыр.

Дүние жаралғалы бері жер бетіндегі саналы тіршіліктік сөзден асқан құдірет жоқ. Дуалы ауыздан шыққан бір ауыз сөз адам тағдырын, ел тағдырын керек десеңіз, жаһан тағдырын шешіп, өлем өміршісіне айналып жатыр. Сөз ақылдың өлшемі болып, сөзіне қарай кісіні танып келсек, еңді сөзіне қарап, елң ұлттың, халқын, мемлекетін танытын болдық. Сөйле білу, көркілті ойды сөз арқылы орынды жеткізе білу – мәдениеттілікті, кісілік пен кісілікті білдірумен бірге төрбиеліктің де, ақылдылықтың да, керек десеңіз, ұлылықтың да белгісі.

Сөзі мықтылар әлемдік өркениеттің көшін бастап, шешуші сөздерін айтып жатыр. Жүректен шығып, жүрекке жеткен ойлы сөздің өлмейтінін Абай он тоғызшы ғасырдың өзінде-ақ айтып кеткен. Ол халқының жай-күйі туралы ойланып, толғанып барып жазылған, қасырдан-ғасырға жалғасып, ұлтының жарқын болашағына қызмет ететін ұлы идеялармен сұарылған өлмес өлеңдерін қалдырды.

Абай ұлттық дәстүрдегі ақындық, жыраулық поэзияның жаңғыртып, әлемдік деңгейдегі жаңа тұрпаттағы қазақ әдебиетіне жол бастады, бастап қана қоймай, оған қойылатын биік әлеуметтік, эстетикалық талап-таламдарды да анықтап, өміршен әдеби ой-пікірлердің бастауында тұрды. Жазу өнерінің, баспасөздің, баспаның пайда болып, әдебиеттің даму үсткі барысында Абай салған сұрлеу ұлттық әдебиетіміздің ғана емес, қазақ әдеби сынының, әдебиеттану ғылымының қалыптасуына да тікелей даңғыл жол ашты.

«Жұрттың ай, шалқаттамас сөзге түсің Ойпанын, сыртын қойып, сөздің ішін. Ыржаңдамай, тыңдасаң нөң кетеді, Шығарам сөз емес қол, өңгіме үшін. Адасыл, алдаңдама, жол таба алмай, Берірек түзу жолға шық қамалмай. Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ,

Ең болмаса кеттің ғой, мал баға алмай» деп, халқын дамудың тура жолына бағыттады. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы алашшылдар ұлтты жандандыратын осы сөздерді жаңғыртып, тұтас бір ғылыми жүйеге айналдырды, онсыдай асыл ойды іске, жүзеге асыру сөйдегер аманат деп кейінгі ұрпаққа үлкен үмітпен қарады.

Ел тұтастығы ой бірлігінен, «ақылға бірліктен» бастау алады деп білген Абай осы идеяларды жүзеге асырудағы сөздің атқаратын қызметін аса жоғары бағалайды. Ең басты шарт – сөз түзу болу үшін ой түзу болу керек. Ақынның «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп халқынан үндеу айтып отырған себебі адамды адам қылып, ел бірлігін сақтайтын идеялар жасалды, енді соны дұрыс сөз арқылы сыртқа шығарып, халықтың санасына жеткізіп, ары қарай жүзеге асыру керегін алға тартып отыр.

Абай оннан астам өлеңінде тілдің құдіреті, өлеңнің қалай болуы керегі жайлы пікір білдіреді. Ол алдымен өнердің өмірдегі орнына, ақынның

Брифинг

Қышыма – микроскопиялық қышыма кенесінен туындаған жұқпалы паразиттік тері ауруы, ол теріге еніп, қатты қышу мен бөртпе тудырады. Аталған дәрт әдетте санитарлық-гигиеналық тәртіпті дұрыс сақтамаған жағдайда жұғады. Осы ретте аурудың өзіне тән белгілері туралы аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Гүлназ Жалғасова БАҚ өкілдерімен өткен брифингте баяндады.

Қышыма дерті деңдемесін десек...



Спикердің айтуынша қышыма сияқты паразиттік аурулар мектепте, балабақшаларда, жұмыста, қонақүйде, пойызда және басқа да қоғамдық орындарда адамнан адамға байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сонымен қатар ауру кез келген жастағы адамдарға, әсіресе балаларға тез жұғады. Олар дұрыс тамақтанбаудан, жұмыртқа, қант, жеміс-жидек, әсіресе құлпынай, апельсин секілді тағамды мөлшерден тыс жегеннен пайда болуы мүмкін. Ал ересек адамдарда қышыма асқазан-ішек жолдары қызметінің, жүйке жүйелерінің бұзылуынан және созылмалы инфекция ошақтарына байланысты пайда болады. Ол маусымдық ауру болып саналады, себебі әдетте күз және қыс айларында таралады.

— Қышыманы қышыма кенелері деп аталатын жәндіктер тудырады. Балалар арасында жиі кездеседі, өйткені жұқа тері кененің оңай өтуіне ықпал етеді. Қышыма кенесінің аналықтары теріге түсіп, жұмыртқа салатын терішілік жолдарды салады. Ұрғашысының өмір сүру ұзақтығы – 1,5 ай, осы уақыт ішінде ол шамамен 40-50 жұмыртқа салады. Ұрғашысы қышуды тудыратын зат бөледі. Толық даму циклі 2 аптаға созылады. Кенелер иесінен тыс 5-14 күн тұрады, — дейді ол.

Гүлжаз Жалғасова журналистердің «Дерт пайда болғанда адам бойында қандай өзгерістер пайда болады?» деген сауалын да жауапсыз қалдырмады. Оның айтуынша, қышыманың ерекшелігі, ауырып жатқан адамның денесі әсіресе түнде қатты қышиды. Қолдың саусақтарының арасында, кеуде мен іштің, аяқ терісінде бөртпелер пайда бола бастайды. Науқас теріні үздіксіз жыш бергендіктен оған микробтар түсіп, қышымаға терінің іріңді жұқпасы қосылып, ауру одан әрі асқынып кетеді. Сондықтан аурудың алғашқы белгілерін байқаған бойда дереу дәрігерге қаралу қажет. Себебі тырнақ астындағы түрлі инфекциялардың салдарынан жара пайда болуы мүмкін. Сол үшін де дәрігерлер науқастарға бөртпелерге қол тигізбеуге кеңес береді. Спикер қышыманың тез жұғуға бейім ауру екенін айтады. Сондықтан бұл дерт тек амбулаторлық жолмен ғана емделеді. Қышыма дертінің алғашқы белгілері біліні бастағанда науқас анализ тапсырып, көріну керек.

Айта кетейік, аудан бойынша жыл басынан бері қышыма аурушандығымен 3 науқас тіркелген. Оның ішінде 2-еуі – 14 жасқа дейінгі бала. Өзіңізді бұл дерттен сақтанудың ең тиімді жолы – қарапайым тазалық жұмыстарын жүргізу. Сондай-ақ науқас қолданған заттарды, киімдерді, ойыншық, жиһаздарды кенеге қарсы арнайы құралдардың көмегімен жуып тазалау қажет. Бұл сырқатпен ауырған адам қайтадан шалдықпау үшін емдеуден кейін де диспансерлік бақылауды жалғастыру маңызды. Дерт деңдемесін десек, әр адам дер кезінде ем алып, аурудың алдын алған абзал.

Сезім НҰР

Рейдтік шаралар жалғасын табады



Құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелеттік жасқа толмаған жастардың түнгі беймезгіл уақытта заңды бойынша тексеру, жасөспірімдер арасында келенсіз жағдайларды болдырмау мақсатында түнгі рейдтік жұмыстар жалғасуда. Бұл жұмыстарға аудан әкімдігі, полиция бөлімі, мектеп және жастар ресурстық орталығы қызметкерлері атсалысуда.

Рейд барысында аудан орталығындағы ойын-сауық орындары, кафе-ресторандар мен қоғамдық демалыс орындары қамтылып, көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүру фактілерінің алдын алу мақсатында тексеру жүргізілді.

Сонымен қатар нысан иелеріне заң талаптарын түсіндіріліп, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында профилактикалық жұмыстар атқарылды.

Ата-аналарға және жасөспірімдерге құқықтық талаптар мен көмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

«ЖОЖ» ақпарат

Бәрекелді!

Ауыл спартакиадасы: жалағаштықтар екінші орын алды

Қызылорда қаласында ҚР Конституциясына 30 жыл толуына орай дәстүрлі ауыл спортшыларының «Алтын күз – 2025» облыстық спартакиадасы, «Ақ бидай» республикалық спартакиадасына іріктеу жарысы өз мәресіне жетті. Жеті күнге жалғасқан тартысты бәсекеде жеті ауданнан келген 1000-ға жуық спортшы спорттың 18 түрінен сынға түсті.

Айта кетейік, ауыл спортшыларының «Алтын күз – 2025» облыстық спартакиадасы биыл XXXVIII рет ұйымдастырылды. Ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы, еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанұлы қатысып, жарыс жолындағы саңлақтарға сәттілік тіледі.

Биыл дәстүрлі «Алтын күз» спартакиадасының ұйымдастырылып келе жатқанына 38 жыл толып отыр. Бұл жарыс ауылдық жердегі талай талантты спортшының шыңдалып, үлкен жетістіктерге жетуіне жол ашты. Алғаш рет Сырдария ауданы Төрехөзек кентінде өткен бұл дода қазір облыс көлемінде дәстүрге айналып, ауыл-аймақта бұқаралық спорттың дамуына ерекше серпін берді. Ең бастысы, жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, жігерін шыңдауға ықпал етіп келеді. Бүгінгі жарыста шын мықтылардың топ жаратынына сенемін. Баршанызды берекелі «Алтын күз» мерекесімен құттықтаймын, – деді облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы.

Ұлттық спорт түрлері мен бұқаралық спорттың дамуы, ауылдық жерлерде салауатты өмір салтын қалыптастырып, оның маңызын артыру мақсатында өткізілген спартакиадаға ауданнан 190 спортшы қатысты.

Алғашқыжарыскүніндеқатысушылар спорттың 4 түрінен, атап айтқанда, қазақ күресі, жекпе-жек, жамбы ату, кикбоксингтен өзара сынаға түсті. Нәтижесінде қазақ күресі бойынша I орын Қармақшы ауданы, ал II орын Шиелі ауданына, III орын Жалағаш спортшыларына бұйырды. Жекпе-жек сайысында Шиелі ауданынан келген спортшылар I орын, Сырдариялық спортшылар II орын, Арал ауданы III орын иеленіп, жерлестеріміз бұл сайыста VI орын алды. Ал жамбы ату сайысында Жаңақорған ауданы I орын, ауданның сайыпқыран спортшылары II орын алса, алғашқы үштікті қазалылықтар түйіндеді. Ал кикбоксингтен Шиелі ауданы I орын, жалағаштық спортшылар II орын, Қармақшы командасы III орын иеленді.

Тартысты бәсекеңің екінші күнінде спортшылар үстел теннисі, дәстүрлі садақ ату, қол күресі, бір спорты, теңге ілу, аударыспақ, асық ату, бес асық, президенттік көпсайыстан өзара сынаға түсіп, жеңімпаздарды анықтады. Үстел теннисінен ерлер арасында өткен сайыста спортшыларымыз VI орын ие-



ленген. Бұл сайыста I орынды Шиелі ауданы, II орынды Қазалы ауданы, III орынды Арал ауданының командалары қанжығаларына байлаған. Ал бұл сайыстың қыздар арасында өткен кезеңінде спортшы қыздарымыз қарсылас шақ келтірмей, аудан абыройын асқақтатып, жүлделі I орынды иеленді. II орын Арал ауданына, III орын шиелілік спортшылардың еңшісіне бұйырды.

Мұнан кейін спортшылар дәстүрлі садақ ату сайысы бойынша сынаға түсті. Бұл жарыста Шиелі ауданының командасы үздік деп танылды, ал аудан спортшылары II орынды иеленіп, III орынға сырдариялық спортшылар жайғасты.

Қол күрес сайысында I орынды Қармақшы адуаны, II орынды Сырдария ауданы, III орынды Арал ауданының спортшылары иеленді. Бұл сайыста екіншіше орай аудан спортшылары VII орынға тұрақтады. Мұнан кейін кезек гир тасын алақанда ойнататын спортшыларға көлді. Бұл сайыста Арал ауданы I орын, жалағаштықтар II орын, Қазалы ауданы III орынды иеленді. Қазақтың ұлттық ойындарының бірі теңге ілуден Жаңақорған ауданы көш бастады. Шиелі ауданы II орын иеленді. Ал жалағаштық спортшылар үздік үштікті түйіндеп, ойынды қорытындылады. Аударыспақ сайысында да жаңақорғандық спортшылар топ жарып, қарсылас шақ келтірмеді. Бұл жолы II орынға Қазалы ауданы лайық деп танылды. Ал үшінші орынмен Жалағаш спортшылары марапатталды.

Спортшыларымыз асық атудан V орын иеленді. Ал алғашқы үштік Сырдария, Арал, Қазалы ауданының командаларына бұйырды. Мұнан бөлек бес асық сайысы бойынша Арал ауданынан

келген спортшылар I орынды иеленсе, II орын аудан спортшыларына, III орын қармашылық командаға бұйырды. Ал Президенттік көпсайыстан жүлделі I орынды аудан спортшылары иеленді. II орынмен Арал ауданы, III орынмен сырдариялық спортшылар марапатталды.

Тартысты бәсекеңің келесі күнінде жарысқа қатысушылар шахматтан сынаға түсіп, үздік команданы анықтады. Бұл сайыста спортшыларымыз V орын алған. Алғашқы үштікке Арал, Шиелі, Жаңақорған командалары жайғасты.

Жарыстың келесі күні спортшылар баскетбол, волейбол, қол добы, шағын футболдан сынаға түсті. Баскетболдан ерлер арасында өткен сайыста Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы ауданы үздік үштіктен көрінсе, аудан спортшылары V орын иеленді. Ал қыздар арасында өткен кезеңде Арал, Жаңақорған, Шиелі ауданынан келген спортшылар үздік ойын өрнегін көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Айта кетейік, бұл кезеңде аудан спортшыларына IV орын бұйырды.

Волейболдан ерлер командасы арасында өткен тартысты сайыста Жаңақорған, Қазалы, Шиелі ауданының командалары өзара алғашқы үштікке таласып, аудан спортшылары IV орынға тұрақтады. Ал қыздар командасы бұл сайыста VII орын иеленген. Алғашқы орындарды Сырдария, Арал, Шиелі ауданының қыздары иеленді.

Кіп мықтылар бақ сынаған қол добы сайысында жаңақорғандық спортшылар I орын, жерлестеріміз II орын, қазалылық команда III орын иеленген. Ал аяқод шеберлері бақ сынаған шағын футболда Қазалы ауданы I орын, Жалағаш спортшылары II орын, Шиелі ауданды

командасы III орын иеленген.

Жалпы командалық есеп бойынша I орынға Шиелі ауданының командасы лайық деп танылды. Жүлделі II орын аудан спортшыларына бұйырды. Ал Жаңақорған ауданының командасы алғашқы үштікті түйіндеді.

Айта кетейік, Шиелі ауданының командасы үшінші жыл қатарынан «Алтын күз» облыстық спартакиадасының жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ марапаттау шарасында облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Оңдасынұлы дәстүрлі «Алтын күз» спартакиадасының жалауын Жалағаш аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркен Ертуғанұлына табыстады.

Үздік нәтиженің артында жергілікті тарландарымыздың жыл бойы еңбегі жатыр. Оған қоса аудандағы спорттық үйірмелердің жұмысы да қазіргі таңда қарқынды дамуда.

Ауданда саланы дамытуда жүйелі жұмыстар атқарылып, спорттық мекемелердің материалдық-техникалық базасы нығайтылып, спортшылардың облыстық, республикалық, ҚР чемпионаттарына қатысуына жағдай жасалуда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, үздік чемпиондар шығаруды мақсат еткен бапкерлер күндіз түні шекірттерін шыңдай бермек. Дүбірлі додаларда топ жарып, талай белестерді бағындырған ауданның сайыпқыран спортшыларының жеңісті жолы бұдан әрі жалғасып, аудан абыройын асқақтата беретініне сеніміміз мол.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Футбол

Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде «Қайраттың» қарқыны қатты. Осыған дейін «КупС-ті» жарыс жолынан ысырған отандық клуб ойыншылары тамыздың бірінші онкүндігінде «Слован Братиславамен» плей-офф кезеңіне жолдаманы сарапқа салды.

Чемпиондар лигасы: «Қайрат» плей-офф кезеңінде



Бірінші кездесу Алматыда өтті, ә дегеннен жергілікті команда шабуылды үдетіп, өз алаңында барлық мәселені шешіп алуға тырысты. Алайда бірінші таймда есеп ашылмады.

Бұл ойында бас төреші С.Гәзүзбөйік ешкімді аямады, қысқасы, қолынан сары қағаз түспеді. Тіпті қонақтар сапында Р.Ибрахим ойынның 65 минутында екінші сары қағаз алып, алаңнан қуылды.

«Қайратқа» да керегі сол еді, алдағы 25 минутта плей-офф кезеңіне жолдама мәселесін бірінші кездесуде-ақ шешіп алуға мүмкіндік туды. Бірақ ойын қарқыны артқанымен олар Доминик Такас күзеткен қақпадан саңылау таппады. Негізгі уақыттың соңында бас төреші қонақтар қақпасына 11 метрлік айып добын белгілеп, оны Дастан Сәтпаев сәтті орындады. Мұнан кейін қосымша уақытта отандық клуб ойыншылары есепті еселеген. Алайда Рикардиньо ойыннан тыс қалып, бұл гол есепке алынбады.

Ойын да өз мәресіне жетті, есеп – 1:0. Плей-офф кезеңіне өтуге бұл есеп айырмашылық аздық етеді. Өйткені «Слован Братислава» да – былтыр өз лигасында топ жарған тәжірибелі команда. Оның үстіне қарымта ойын солардың алаңында өтеді.

12 тамыз, сағат 23:15. Словения жеріндегі стадион жан-күйерлерге лық толы. Бас төреші Б.Бастьен ойыншылардан кейін қарымта кездесу де басталды. Бұл жолы ойын басқа арнада өрбіді, яғни керісінше жергілікті клуб ойыншылары қарқынды күшейтті.

Ойынның 30-шы минутында Р.Мак есеп ашып еді. «Қайрат» жанкүйерлерінің іштегі күдігі күшейді. Олай болатындай жөні бар, өйткені жергілікті клуб ойыншылары қайта-қайта «Қайрат» қақпасының маңын торуылдаумен болды.

Бірақ алматылық клуб ойыншылары 90 минут бойы оларға қарсы тұрды, өз алаңында 11 метрлік айып добын сәтті орындауы олардың экстратаймда әрі қарай ойынды жалғастыруына мүмкіндік берді.

Алда 30 минут тағы ойын бар, «Қайрат» ойыншылары бұл уақытты да ерең еңсерді. Бұлай айтуымызға да негіз жоқ емес, өйткені қорғаныста 1-2 ойыншы құлап жатса, шабуылда дәл солай тағы бірнеше ойыншы жарақат алумен болды. Енді бар үміт 11 метрлік айып добында.

Сәл ғана узілістен соң Б.Бастьен ойыншыларды қақпа маңына жинады. Енді кезек-кезек 11 метрлік айып добын орындайды. Сүрінгені Еуропа лигасына сырғыса, келесісі чемпиондар лигасының плей-офф кезеңіне өтеді.

Бірінші 11 метрлік айып добын алап қожайындары сәтті орындады. Ал «Қайрат» ө дегеннен сүрінді. Мұнан кейін қос тараптан 4 ойыншы да қақпашыдан аяласын асырды. Ал А.Муставичтің бұл жарыста сәтсіздігі «Қайрат» жанкүйерлеріне тағы бір үміт сыйлады.

Е.Сорокин өз міндетін сәтті орындап, бұл жарыстағы таразы басын теңестірді. Ал баяғы өзіміздің «Қайсар» жөне «Астана» сапында доп тепкен Т.Барсегян алдындағы әріпте-сінің қатесін айна қатесіз қайталап, қонақтарға тағы бір үміт сыйлады.

Қақпада Доминик Такас, қарсы алдында айып добын орындауға Жоржоньо тұр. Қос команданың екі ойыншысына жанкүйерлерінің де артқан үміті екі түрлі. Бірі «Қайрат» ойыншысы тепкен допты тосып алса» дейді, енді бірі керісінше қақпашыдан аяласын асырғанын қалайды. Жоржоньоның аяқты алшаң басып серпігені сол еді, доп Доминик күзеткен қақпада тулап қоя берді. Осылайша «Қайрат» сырт алаңда плей-офф кезеңіне жолдама алды.

Осы қазақстандық клубтарға Шотландияның «Селтик» командасы кенедей жабысты. Осыған дейін чемпиондар жөне еуропа лигасында сәтті келе жатып, «Селтикке» есе жібереді. Кейде тіпті «Жеребенің өзі жоспарлы жасала ма?» деп қаласыз. Отандық басқа клубтарды айтағанда, «Астананың» өзі «Селтикпен» бірнеше кездесу өткізді. Бірақ бөрінде «Селтик» сүріндірді. Мұны неге айтып отырмыз? Бұл жолғы чемпиондар лигасының плей-офф кезеңінде де «Қайраттың» қарсыласы тағы да «Селтик». Оның үстіне бірінші ойын сырт алаңда өтеді. Жанкүйерлер бұл ойынның қалай өрбитінін іштей жорып қойған. Өйткені қос команданың бюджеті де, ойыншыларының бағасы да салыстыруға келмейді.

21 тамыз, сағат 00:00. Шотландия жеріндегі плей-офф кезеңінің алғашқы ойыны да басталды. «Өз алаңында кемі 2-3 гол салып, қарымта кездесуді қорғанысқа арнайды» деген біздің де баққанымыз бақа болып шықты. Керісінше ө дегеннен қонақтар шабуылға кірісіп, тіпті бірінші болып есеп ашқан да болатын. Алайда «Қайрат» сапындағы 1 ойыншының ойынан тыс қалғанын қырағы төреші аңғарып, бұл голды есепке алмады.

Иә, «Селтик» өз алаңында ойын қарқынын күшейтті. Тіпті бір өзі 15 бұрыштама көтерді. Бірақ оның ешқайсысын қақпаға сала алмады. Бір жағынан олардың ойыны есеп ашуға қатты ынталы емес екенін аңғартқандай болды. Ал «Қайрат» ара-тұра қарымта шабуылдар жасап, 90 минутты толық қорғанысқа арнады.

Жергілікті команданың жанкүйерлері үшін бұл кездесу аса қызық болды деп айта алмаймыз. Ешқандай гол көрмесеқ те «Қайрат» жанкүйерлеріне бұл дұрыс болғандай. Сәл де болса үміт бар, ол келесі кездесудің Алматыда өтетінінде. Тағы да қайталап айтамыз, сәл ғана үміт бар. Бұлай дейтініміз, «Селтик» келесі кезеңге шығуды мақсат етсе, алаң таңдамайды. Сондықтан біз тек «Қайратқа» сенеміз. Айтпақшы қарымта кездесу бүгін 21:45-те Алматыда өтеді. Ал келесі кезеңге кім өтеді? Бұл сауалдың түйіні сол кездесудің қорытындысымен тарқатылмақ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Меншік иесі:

СЫР-МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1434